

Павлодар облысы бойынша ормандарды пайдалану үшін 2010-2011 жылдарға арналған төлемақы мөлшерлемелері туралы

Күшін жойған

Павлодар облыстық мәслихатының 2009 жылғы 20 желтоқсандағы N 258/21 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2010 жылғы 19 қаңтарда N 3152 тіркелген. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облыстық мәслихаты аппарат басшысының 2014 жылғы 03 қыркүйектегі N 1-11/560 хатымен)

Ескерту. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облыстық мәслихаты аппарат басшысының 03.09.2014 N 1-11/560 хатымен).

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңы 6 бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасының "Салықтар және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдер туралы" Кодексінің 506-бабына және "Қазақстан Республикасының Орман Кодексі" 14 бабының 2-тармағына сәйкес облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Павлодар облысы бойынша 2010 жылға арналған ормандарды пайдаланғаны үшін төленетін төлемақы мөлшерлемелері көрсетілген шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Павлодар облыстық мәслихатының экология және қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Сессия төрағасы

Ю. Әлекпаров

Облыстық мәслихаттың хатшысы

Р. Гафуров

" К е л і с і л г е н "

*Павлодар облыстық аумақтық
Орман және аң шаруашылығы*

инспекциясының бастығы

Б. Бұламбаев

2009 жылғы 20 желтоқсан

Павлодар облыстық мәслихатының

(IV сайланған ХХІ сессия)

2009 жылғы 20 желтоқсандағы

N 258/21 шешіміне қосымша

--	--	--	--	--

N т/н	Атауы	Өлшем бірлігі	2010 жылғы бірлік үшін төлемақы мөлшерлемесі (теңге)	2011 жылғы бірлік үшін төлемақы мөлшерлемесі (теңге)
1	2	3	4	5
1. Шөп шабу				
1	Шабындыққа пайдаланатын жерлер	1 гектар	744	744
2. Мал бағу				
1	Ірі мал (ИММ, жылқы)	1 бас	463	463
2	Ұсақ мал (қой)	1 бас	116	116
3	Ұсақ мал (ешкі)	1 бас	405	405
4	Жас мал	1 бас	232	232
3. Омарталардың орналасуы				
1	Ара ұясын құру	1 ара ұясы	827	827
4. Қосымша ағаш ресурстарын дайындау				
1	Қайың сабағы	1 кг	30	32
5. Мәдени – сауықтыру, ғылыми–зерттеулік мақсаттарында МОҚ аймағын ұзақ мерзімде пайдалануға төлемақы мөлшелемесі				
1	Мәдени–сауықтыру, ғылыми–зерттеулік мақсаттарында	1 га	413	413
6. Рекреациондық, спорттық, туристік, мақсаттарда МОҚ аймағын ұзақ мерзімде пайдалануға төлемақы мөлшерлемесі				
1	Рекреациондық, туристік, спорттық мақсатта	1 га	1185	1185

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК